

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы	59-11-2024 16 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

1(2) аралық бақылауға арналған тестілік тапсырмалар


Пән атауы: Алдыңғы қатарлы эпидемиология-2

Пән коды: AQE 4301

ББ шифры және атауы: 6B10105 «Қоғамдық денсаулық сақтау»

Оқу сағаттары/кредит көлемі: 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: IV – курс, VIII – семестр

Құрастырушы:  Байконсова Л.О.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент м.а.  Тепов П.Д.

Хаттама № 10 «20» 05 2024 ж.

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 2 беті

I – аралық бақылау

1. Қырым-Конго геморрагиялық қызбаның профилактикасы:

- A) Халықты жоспарлы вакцинациялау
- B) Осы аурумен ауырған адамдардан алынған гомологиялық гипериммунды сарысу енгізу
- C) Ауылшаруашылық малдарды және олар тұратын жерлерді кенелерге қарсы аэрозольды әдіспен өңдеу шаралары**
- D) Тұрғын пункттер айналасында бүргелерді жою жұмысын жүргізу
- E) Қанұйытқыш жүйесінің функциясын қалыптастыратын

2. Емханада дәрігер науқастарды қабылдаған кезде науқаста Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына күдіктенді, науқас табиғи ошақта тұрады және суырларды аулайды. Науқас жеке үйде тұрады, жанұясында 6 адам бар, барлығы бірге тұрады. Қатынаста болған адамдарға қандай шаралар жүргізу қажет:

A) 8 күн медициналық бақылау

- B) Вакцина енгізу
 - C) Интерферон енгізу
 - D) Үйде стационар құру
 - E) Сарысу енгізу
3. Индиядан келген, құрғақ жүк таситын көлігін медициналық-санитарлық тексеру кезінде кеміргіштердің тіршілік еткені және өлген жануарлардың өлекселерінің айқын іздері анықталды. Кемеде обаның әкелінуі мен таралуын ескерту үшін алдын алу және эпидемияға қарсы шаралар жүргізілді. Аталған шаралардың қайсысы жүргізілмейтінін көрсетіңіз:

A) экипажды оңашалау, фарингеальды бактерия тасымалдаушылыққа оба бактерияларына бактериологиялық зерттеу

- B) экипаж мүшелерін медициналық бақылау
- C) кемеде біруақытта дератизация және дезинфекция жүргізу
- D) өлген жануармен жанасқан, адамдардың жүктерін, төсектерін, киімдерін дезинфекциялау және дезинсекциялау
- E) обаға қарсы мекемеге қоздырғыштарын анықтау үшін өлген кеміргіштерді жеткізу

4. Атырау облысындағы елді мекенде өкпелік обаның бір оқиғасы тіркелді. Науқасты облыстық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінің арнайы боксқа жатқызылды. Өкпе обасының жұқпалы ауруы ошағында шұғыл хабарлама бойынша қажетті эпидемиялық зерттеулер жүргізу керек. Эпидемиологтың іс - әрекеті неғұрлым мақсатқа сай болып табылады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 3 беті

- A) жергілікті медициналық мекемедегі құжаттармен танысу және науқастан және оның айналасындағы жанасқандардан эпиданамнез жинау
- B) басқа да науқастарды анықтау үшін аулаларды аралау, зақымдалу қаупіне ұшырауы мүмкін адамдардың тізімін жасау, ошақтың шекарасын анықтау
- C) зертханалық зерттеуге материал жинау, оларды белгілеу және жіберу
- D) обаның жасырын кезеңі бойы ошақтағы жанасқандарды үнемі бақылауды ұйымдастыру

E) ошақта қауырт эпидемияға қарсы және алдын алу шараларын жүргізу

5. Көктемде ауыл жұмысшылары шөптерді жинау барысында өлген дала тышқандары табылған. Содан кейін олардың арасынан қолтық асты лимфа түйіндерінің және мойын лимфаденопатиясының қызба ауруы анықталды. Мұндай жағдайда қандай ауруды күдіктенуге болады?

- A) Оба
- B) Пастереллез
- C) Туляремия**
- D) Иерсиниоз
- E) Сальмонеллез

6. Аудандық ауруханаға мал шаруашылығымен айналысатын 30 жастағы ер кісі 39,5⁰ C температурамен, лимфаденитпен түсті. Келесі күні обаның бубонды түріне күдіктелді. Жұқпалы аурулар бөлімшесінде 30 науқас, палатада 8 адам бар.

Осындай жағдайда қай контингент міндетті түрде зертханалық бақылаудан өтуі тиіс?

- A) Кіші медқызметкер
- B) Бөлімдегі барлық науқастар
- C) Мейірбикелер
- D) Палатадағы көршілері**
- E) Дәрігерлер

7. Үндістаннан келген құрғақ жүкті медициналық-санитарлық тексеру кезінде мәйітпен көмілген жануарлар табылды. Кедемеде обаның әкелінуі мен таралуының алдын-алу үшін эпидемияға қарсы іс-шаралар кешені жүргізіледі.

Аталған іс-шаралардың ішінде өткізілмейді:

- A) бактериологиялық тексерумен экипажды оқшаулау**
- B) экипаж мүшелерін медициналық бақылау
- C) кедемеде бір мезгілде дератизация және дезинфекция
- D) өлген жануарлармен жанасқан адамдардың багаж заттарын, төсек-орын жабдықтарын, киімдерін дезинфекциялау және дезинсекциялау
- E) қоздырғышты бөлу үшін обаға қарсы мекемелерге өлген кеміргіштерді жеткізу

8. Стандартты анықтама қай зоонозға тән: «кене шаққан кезде трансмиссивті механизм арқылы берілетін, клиникалық көрінісі ауыр, полиморфты, РНҚ-бар арбовирус тұқымдастығы Flaviviridae туыстастығы, Flavivirus түр әсіресе жүйке жүйесін зақымдайтын, әлсіз парез бен салдану арқылы көрінетін, зоонозды, табиғи ошақты және антропургиялық вирусты инфекциялық ауру».

- A) құтырудың болжамалы оқиғасы
- B) кенелік энцефалиттің ықтимал оқиғасы
- C) құтырудың дәлелденген оқиғасы
- D) кенелік энцефалиттің болжамалы оқиғасы
- E) кенелік энцефалиттің дәлелденген оқиғасы**

9. Т. қаласы ауданында қазан айыкезінде көп егеуқұйрықтар пайда болды. МСЭҚБ дез. бөлімінің қызметкерлерімен зертханаға 5 өлген егеуқұйрық жеткізілген және 10 тірі егеуқұйрық ұсталынған. Зертханада 2 өлген егеуқұйрықтан туляремия қоздырғышын бөлген. Инфекция көзіне бағытталған эпидемияға қарсы шараларды көрсетіңіз:

- A) дезинфекция
- B) дератизация**
- C) дезинсекция
- D) халықты иммунизациялау
- E) шұғыл алдын алу

10. Тамыз айында совхоз халқының арасында туляремия жағадйлары байқалды. Бірінші ауру жағдайларының пайда болуына дейінгі, халық өзеннің балшықты участкелерінде шөп жинай бастады. Өршудің түрін ата:

- A) ауылшаруашылық
- B) сулық**
- C) тұрмыстық
- D) трансмиссивті
- E) өндірістік

11. Құрылысшылар тобы іш сүзегі мен туляремиямен аурушаңдық бойынша эндемиялық ауданға ұзақ сапар жасайды. Кетуге дейін 2 апта қалды. Бұл жағдайда егу жүргізу тәртібі:

- A) бір мезгілде екі препаратты енгізу
- B) препараттардың бірін кеткенге дейін енгізу, екіншісі 1 айдан кейін**
- C) препараттарды 12-13 күн аралықпен енгізу
- D) тек іш сүзектік вакцина енгізу
- E) тек туляремиялық вакцинаны енгізу

12. АИВ-инфекциясының ІІІВ стадиясындағы науқастың ауыз қуысындағы абцессті ашқан кезде, резина қолғапты тесіп алған және саусағы жараланып, қан кеткендегі дәрігердің іс-әрекетінің кезектілігін көрсетіңіз:

- A) қолғабын шешу; қолын ағынды суда сабынмен жуу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 5 беті

В) қолын қолғапта сабынмен жуу және қолғабын шешу; қолын 70% спиртпен өңдеу және 5% йод ерітіндісін жарасына жағу

С) қолғапты дезерітіндімен өңдеу, шешу, сосын жарадан қанын сығу, қолын ағынды суда сабынмен жуу, 70% спиртпен өңдеу және жарасына 5% йод ерітіндісін жағу

Д) қолғабын шешу; қолын 70% спиртпен өңдеу, жарасына 5% йод ерітіндісін жағу

Е) қолын қолғапта сабынмен жуу және қолғабын шешу; жарадан қанын сығу; қолын ағынды суда сабынмен жуу; қолын 70% спиртпен өңдеу

13. Жұқпалы аурулар ауруханасында 32 жасар әйел қайтыс болды. Қайтыс болғандағы диагнозы: АИВ- инфекциясы, Саркома Капошасы, пневмоцистті пневмония. Эпидемиологиялық анамнезі: күйеуі Теміртау қаласынан, мерезбен ауырған, ИФА нәтижесі бойынша АИВ-инфекциясы оң реакция. Әйелдің жағдай босаннанған кеін бірден нашарлады.

Бұндай жағдайда әйел қандай жолмен жұқтырды?

А) Тұрмыстық жанасу

В) Парентеральді

С) Жыныстық

Д) Трансмиссивті

Е) Алиментарлы

14. Егу бөлмесіндегі мейірбике пробиркадағы қанды емдеу бөлімінен биохимиялық зертханаға апара жатқанда, абайсызда бір пробирканы құлатып сындырып алды және ол еденге төгілген. Сынған пробиркада «АИВ-инфекциясына қан» деген жазу болған.

Осы жағдайда мейірбикенің тәсілі қандай болу қажет?

А) Антисептикалық өңдеу

В) Сумен жуу

С) Сабынды сумен жуу

Д) Дезинфекциялық ерітінді құю

Е) Кварцпен өңдеу

15. Жұқпалы аурулар ауруханасының қабылдау бөлімінде АИВ-мен науқасты қарап болған соң, медициналық қызметкер қолданылған медициналық аспаптарды Жавелион ерітіндісімен залалсыздандыру қажет.

Бұндай жағдайда қолданылатын ерітіндінің концентрациясы және залалсыздандыру экспозициясы:

А) 0,1%, 60 мин

В) 0,2%, 10 мин

С) 0,1%, 30 мин

Д) 0,2%, 20 мин

Е) 0,1%, 10 мин

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 6 беті

16. 45 жастағы ер кісі соңғы кездері әлсіздік, шаршағыштық, ішінің желденуі, жүрек айнуы мазалады. Жаралы гастродуоденит анықталды. Бауыр ұлғайған. HB_sAg оң. АИВ-инфекциясы теріс. Науқас үйленбеген. Жыныстық серігі – белгісіз әйел. Денсаулығы туралы ештеңе білмейді. Іш жарақатына байланысты операция жасалған, қан құйылған.

Бұндай жағдайда науқас қандай жолмен жұқтырды?

A) Алиментарлы

B) Парентеральді

C) Тұрмыстық жанасу

D) Жыныстық

E) Трансмиссивті

17. С., деген 25 жастағы науқас емханаға тез шаршауына, лимфа түйіндерінің ұлғаюына шағымданып келді. Дәрігер АИВ-инфекциясына күдіктенді. Диагностиканың қандай клиникалық-зертханалық әдістерінің көмегімен диагнозды дәлелдеуге болады:

A) Биохимиялық

B) Иммунологиялық

C) Бактериологиялық

D) Биологиялық

E) Паразитологиялық

18. В вирусты гепатитіне қарсы профилактикалық вакцинациялауға келесі контингенттер жатады, мынадан басқасы:

A) Жаңа туған нәрестелер

B) Медициналық қызметкерлер

C) Медициналық оқу орындарының студенттері

D) Қан реципиенттері

E) Инъекциялық нашақорлар

19. Ересектерді және үлкен жастағы балаларды ВГВ-ға қарсы вакцинациялау қай схемамен жүргізіледі:

A) 0-1 ай –6 ай

B) 0–2 ай –4 ай

C) 0–1 ай– 6 ай схемасы бойынша ВГВ-мен ауырғандарда, растайтын құжаттарына қарамай

D) 0 - 2 ай –4 ай схемасы бойынша есепте тұратын ВГВ жұқтырғандар

E) 0–1 – 6 вакцинаның үлкен (бустерлік) дозасымен

20. Науқасқа 6 ай бұрын өткізілген холецистоэктомиядан кейін клиникалық және лабораториялық көрсеткіштеріне (HB_sAg) сүйене отырып, вирусты гепатит В диагнозы қойылды. Операция барысында науқасқа туысқанның қаны құйылған болатын, ол қан ВГВ на ИФА ға

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 7 беті

тексерістен өтпеген.Сіздің ойыңызша, науқастың вирусты гепатит В ны жұқтыру қаупі басымырақ болған жағдайды табыңыз:

A) емді ингаляциялық емшаралар жүргізу барысында

B) тексерілмеген қан құю

C) көп рет қолдануға болатын медициналық құрал-саймандар пайдалану

D) емдік шараларды өткізу

E) тері бүтіндігін бұзатын косметикалық манипуляциялар өткізу барысында

21. Стандартты анықтама қай жұқпаға тән: «зат алмасу және сарғаю болатын, паренхиматозды гепатит дамיתын, парентеральды берілу механизмі арқылы берілетін, антропонозды вирусты инфекция»:

A) ВГВ болжамалы оқиғасы

B) ВГВ ықтимал оқиғасы

C) ВГВ дәлелденген оқиғасы

D) ВГА болжамалы оқиғасы

E) ВГА ықтимал оқиғасы

22. Стандартты анықтама қай жұқпаға тән: «зат алмасу және сарғаю болатын, паренхиматозды гепатит дамיתын, парентральды берілу механизмі арқылы берілетін, қанда HbsAg антигені анықталған антропонозды вирусты инфекция»:

A) ВГВ болжамалы оқиғасы

B) ВГВ ықтимал оқиғасы

C) ВГВ дәлелденген оқиғасы

D) ВГА болжамалы оқиғасы

E) ВГА ықтимал оқиғасы

23. № 7 ОАА қызмет көрсетуші персоналынан екі санитар - Вицина Е. Г. және Моргунова З. С. гепатитпен ауырған. Вицина Е. Г. (қоса атқару бойынша) үнемі санитарлық тораптарда ағымдағы және күрделі тазалау жұмыстарын жүргізді, ал Моргунова З. С. биологиялық сұйықтықтармен үнемі ластанған, соның ішінде қанмен ластанған құралдарды стерильдеу алдында тазалауды жүзеге асырды.

Әр түрлі жұмыс шарттарын ескере отырып, Вицина Е. Ж. Моргунова, З. С. гепатиттің қандай түрін жұқтыруы мүмкін екендігін көрсетіңіз:

<variant>Вицина Е. Г. А гепатитімен, Моргунова З. С. В гепатитімен

<variant>Вицина Е. Г. С гепатитімен, Моргунова З. С. В гепатитімен

<variant>Вицина Е. Г. А гепатитімен, Моргунова З. С. А гепатитімен

<variant>Вицина Е. Г. С гепатитімен, Моргунова З. С. А гепатитімен

<variant>Вицина Е. Г. В гепатитімен, Моргунова З. С. С гепатитімен

24. 36 жастағы ер кісіге күйдіргі, терілік түрі деп диагноз қойылды. Мамандығы – шабан. Малдарды бір жайылымнан басқа жайылымға

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 8 беті

камшымен айдаған кезде қасының жоғарғы доғасына камшысы тиіп кетті. Содан сол жерде біріншілік ақау пайда болды.

Мұндай жағдайда ошақта қандай шаралар жүргізілуі тиіс?

A) Жұқпалы аурулар ауруханасының боксына жекешелеу

B) Науқасты үйде жекешелеу

C) Малдардың барлығына вакцина енгізу

D) Жанасқандарға вакина енгізу

E) Малдардың тұратын жерлерін дезинфекциялау

25. 38 жастағы әйел 3 күннен бері ауырады: қалтырау, 39,2 С қызба, қатты бас ауырсынуы, әлсіздік, 5 күн бұрын етті бөлшектеу кезінде қолын тіліп алған, іріңдік пайда болып, ол қазір қабықпен жабылған жарағы ауырсынбайды. Қолының саусақтары ісінген. Дәрігер күйдіргі деп күмәнданды. Айналадағы қауіпті төндіретін инфекциялық аурулар анықталғанда дәрігердің одан әрі қолданатын тәсілі?

A) емхана басшылығына хабарлау

B) өзіне жедел жәрдем шақыру

C) емхананың бас дәрігерін шақыру

D) өз бетінше шұғыл хабарлама жіберу

E) күйдіргі глобулинін салу

26. 30 жастағы әйел 3 күннен бері ауырады: қалтырау, 39,2 С қызба қатты бас ауырсынуы, әлсіздік, 5 күн бұрын етті бөлшектеу кезінде қолын тіліп алған. Іріңдік пайда болып, ол қазір қабықпен жабылған жарасы ауырсынбайды. Қолының саусақтары ісінген. Дәрігер күйдіргі деп күмәндады. Айналадағы адамдарға қауіп төндіретін инфекциялық аурулар анықталғанда дәрігердің одан әрі қолданатын тәсіл?

A) Емхананың басшылығына хабарлау

B) Өзіне жедел жәрдем шақыру

C) Емхананың бас дәрігерін шақыру

D) Өз бетінше шұғыл хабарлама жіберу

E) Күйдіргі глобулин салу

27. Ауданда жануарлар арасында сібір жарасы ауруы тіркелген. Ауру малдармен және мәйіттермен байланыста болғандар - 72 адам. Олар ауру малдарды союға, мәйіттерін бөлуге және көмуге қатысты. Байланыста болғандарға қатысты эпидемияға қарсы іс-шаралардың сипатын анықтаңыз:

A) жараға қарсы сарысуды алдын-алу мақсатында енгізу

B) ауруханаға жатқызу

C) үйдегі стационар

D) 35 күн медициналық бақылау

E) интерферон енгізу

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 9 беті

28. Стандартты анықтама қай аса қауіпті инфекцияға тән: «зоонозды (сапрозоонозды) антропоургиялық қатерлі инфекциялық ауру, контактілі механизм арқылы берілетін, малдарды күту кезінде тері жамылғысының микротравмасына (сырылу, көгеру, кесілген жара) қоздырғыш түскенде, тері жамылғысының кең перифокальды ісіну бар карбункулдар дамуымен, қызба, интоксикация, сепсис дамытатын *Bacillus anthracis* қоздырғышы бөлінуімен сипатталады».

A) сібір жарасының болжамалы оқиғасы

B) сібір жарасының ықтимал оқиғасы

C) сібір жарасының дәлелденген оқиғасы

D) тырысқақтың болжамалы оқиғасы

E) тырысқақтың дәлелденген оқиғасы

29. 25 маусымда аудандық аурухананың хирургиялық бөліміне қойшы М., «Оң қолының саусағының фурункулы» диагнозымен келіп түсті. 30 маусымда науқаста сібір жарасына күдік туды. Өз ауруын 20 маусымда өз меншігіндегі бұзауды сойғанда саусағын кесіп алуымен байланыстырады. Жанұясында 4 адам, олардың екеуі мал сойғанда көмектескен. Қатынаста болғандарға қандай шара бағытталады:

A) 8 күн бойы медициналық бақылау

B) Госпитализация

C) 17 күн бойы медициналық бақылау

D) Қанды биохимиялық зерттеу

E) 35 күн бойы медициналық бақылау

30. Медициналық көмек алу үшін 30 жастағы әйел адам келді, қойма қызметкері, ит бетін өздігінен тістеген, ит қойма аумағында тұрады, егілмеген, тістегеннен кейін ол өлтірілген, өлімтігі табылмаған. Тістелген әйелдің сіреспеге қарсы егілгендігі жөнінде мәлімет жоқ. Травмапункт дәрігері не істеуі тиіс?

A) ПСС не ПСЧИ енгізеді

B) АДС- М енгізеді

C) КОКАВ- ПСЧИ енгізеді

D) гетерологиялық антирабиялық иммуноглобулин енгізеді

E) Рабивак енгізеді

II –аралық бақылау

1. Құтыруға күдіктенгенде жануарларға ветеринарлық қадағалау қанша уақыт жүргізіледі:

A) 3 күн

B) 7 күн

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 10 беті

C) 10 күн

D) 15 күн

E) 30 күн

2. Ер адамды 44 жастағы орманда белгісіз ит шабуылдап, балтыры мен қолының саусақтарын тістеген. Тістеген жарақаттары көп, терең, итте сілекейі көп бөлінген. Аймақ құтыру бойынша қолайсыз деп саналады. Зардап шеккен адам 37 жасында АС-анатоксинімен ревакцинацияланған. Травмотологиялық пункт дәрігерінің іс-әрекеті қандай:

A) Егулерді жүргізбеу

B) Антирабикалық вакцинамен егу курсы

C) Антирабикалық вакцина және иммуноглобулинмен егу курсы

D) Қансарысуын енгізу

E) Иммуноглобулин енгізу

3. А елді мекенінде ересек адамды ит тістеген. Құтыру жұқпасының көзі болуы мүмкін:

A) құтыру белгілері бар ит

B) сау ит

C) 15 күн бұрын, құтыру белгілері айқын болғанға дейінгі ит

D) антирабикалық вакцина қабылдаған кейін, егудің асқынулары тіркелген адам

E) антирабикалық иммуноглобулин қабылдаған адам

4. 44 жастағы ер адамда сирақ пен қолдың саусақтары орманда белгісіз итпен шабуыл жасағанда тістелген. Тістеулер өте көп, терең, итте көп сілекей болған. Орын құтыру бойынша қолайсыз; зардап шегуші 37 жасында АС-анатоксинмен ревакцинацияланған.

Травмотологиялық пункттің дәрігеріне қандай әрекет жасау қажет?

A) антирабикалық вакцина және иммуноглобулинмен егу курсы

B) антирабикалық вакцина егу курсы

C) екпелер жүргізбеу

D) сарысуды енгізу

E) иммуноглобулин енгізу

5. Эпидемиологиялық анамнез кезінде қандай мағлұматтар маңызды орын алады:

A) Бруцеллез кезінде – аурумен қатынас

B) Ботулизм кезінде – үйрек жұмыртқасын қолданғанда

C) Дифтерия кезінде – ашық суқоймадан суды қолдану

D) Құтыру кезінде – жануардың тістеуі

E) Туляремия кезінде – аурумен қатынас

6. Тениоз профилактикасы мақсатында жүргізіледі:

A. Ірі қара мал дегельминтизациясы (емі)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 11 беті

В. Шошқа дегельминтизациясы

С. Шошқа фермасын санитарлы-ветеринарлық қадағалау

D. Ірі қара мал фермасын санитарлы-ветеринарлық қадағалау

E. Ірі қара мал соятын пункттерді қадағалау

7. Трихинеллезбен залалдану мүмкін:

A) Шикі немесе жартылай шикі балықтар жегенде

B) Шикі немесе жартылай шикі құс етін жегенде

С) Шикі немесе жартылай шикі шошқа жегенде

D) Шикі немесе жартылай шикі сиыр етін жегенде

E) Тиісті термиялық өңделмеген жұмыртқа жегенде

8. Аскаридозды жұқтыру қаупі жоғары топты жыл сайын тексеру кезінде 3 жасқа дейінгі кіші балалар тобы анықталды. Анықталған инвазия ошағында жыл сайын сауықтыру, сонымен қатар санитарлық-гельминтологиялық мониторинг ұйымдастырылады және жүргізіледі. Осы жылы МДБМ 10 аскаридоз жағдайы тіркелген. Жұғудың ықтимал жолын анықтаңыз:

A) тамақ арқылы жұқтырды

B) балалар құмда ойнауы кезінде жұқтырды

C) балалар бассейнде шомылу кезінде жұқтырды

D) ойыншықтар арқылы жұқтырды

E) ауыз су арқылы жұқтырды

9. Аскаридозды жұқтыру қаупі жоғары топты жыл сайын тексеру кезінде 3 жасқа дейінгі кіші балалар тобы анықталды. Анықталған инвазия ошағында жыл сайын сауықтыру, сонымен қатар санитарлық-гельминтологиялық мониторинг ұйымдастырылады және жүргізіледі. Осы жылы МДБМ 10 аскаридоз жағдайы тіркелген. МДБМ дәрігерінің инвазия ошағында біріншілік іс-шарасын анықтаңыз:

A) шұғыл хабарлама толтыру

B) жанасқандарды анықтау

С) балаларды жанасудан шектеу және дегельминтизациялау

D) ауырған балаларды стационарға госпитализациялау

E) үйде балаларды жанасудан шектеу

10. Аскаридозды жұқтыру қаупі жоғары топты жыл сайын тексеру кезінде 3 жасқа дейінгі кіші балалар тобы анықталды. Анықталған инвазия ошағында жыл сайын сауықтыру, сонымен қатар санитарлық-гельминтологиялық мониторинг ұйымдастырылады және жүргізіледі. Осы жылы МДБМ 10 аскаридоз жағдайы тіркелген. МДБМ дәрігерінің инвазия ошағында біріншілік іс-шарасын анықтаңыз: Барлық балалар емделген.

Эпидемиологиялық қадағалаудың түрін анықтаңыз:

A) популяциялық қадағалау

B) шолғындау қадағалау

С) қоршаған орта объектілерін қадағалау

D) клиникалық қадағалау

E) интегрирленген қадағалау

11. Стандартты анықтама қай инвазияға тән: «асқазан-ішек жолдарының зақымдалуымен сипатталатын, антропонозды және зоонозды антропургиялық контагиозды ішек гельминтозы»?

A) гиленолепидоздың болжамалы оқиғасы

B) энтеробиоздың болжамалы оқиғасы

C) гиленолепидоздың ықтимал оқиғасы

D) энтеробиоздың ықтимал оқиғасы

E) гиленолепидоздың дәлелденген оқиғасы

12. Эхинококкоздың аралық иесіндегі инвазивті сатысын анықтаңыз:

A) жылы қанды организмде паразиттейтін гельминттің жұмыртқалық сатысы

B) онкосфералы жұмыртқа

C) еркін тіршілік етуші жұмыртқа

D) жыныстық жетілген гельминт

E) циста

13. 40 жастағы әйел дәрігерге - жалпы әлсіздік, терісінің қышынуы, үлкен дәрет бұзылыстары шағымдарымен келді. Науқастың өз сөзінен жоғарыдағы шағымдардың барлығы қолдан сатып алған сиыр етін қолданғаннан кейін пайда болған.

Осындай жағдайда қорытынды диагноз қою үшін қандай зерттеулер керек?

A) Иммуноферментті анализ әдісімен сиыр цепеніне антиденелерді табу

B) Гиленолепидозға үлкен дәрет тесігінен жағынды

C) Энтериобиозға Като әдісі бойынша қалың жағындыны

D) Эхинококктарды табу үшін бауырды зерттеу

E) Тениаринхозға үлкен дәрет тесігінен жағындыны

14. Облыс орталығындағы базарға облыстың шаруашылықтарынан асханалық көктер әкелінеді. Санитарлы-гельминтологиялық тексеруде аскөкте, салатта, ақжелкенде өлшемдері 50-70 × 50-50 мкм гельминт жұмыртқалары анықталған. Қабықшасы жуан, көпқабатты, сыртқы қабаты-бұдырлы ақуыздық.

Ықтимал парзит түрі:

A) Эхинококк

B) Безгек

C) Амеба

D) Лямблий

E) Анизакид

15. Балалар бақшасына баратын 5 жасар балада анасының айтуы соңғы кездері ұйықтамайтынын, ашуланшақ, түнде артқы тесік айналасында қышу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 13 беті

мазасыздандыратынын айтты. Балаға зертханалық тексеру негізінде энтеробиоз диагнозы қойылды.

Бұндай жағдайда эпидемияға қарсы қандай шаралар жүргізілуі тиіс?

- A) Балалар бақшасында дезинфекция
- B) Барлық балаларды 14-21 күн аралықпен екі рет дегельминтизация**
- C) Барлық балаларды 7-10 күн аралықпен үш рет дегельминтизация
- D) Жанасқандарды иммунды әдіспен алдын алу
- E) Балалар бақшасында дератизация

16. Бала бақшаның балаларын гельминтоздарға тексерген кезде 3 балада аскаридоз анықталды. Балалардың саны 30. Бала бақша қаланың сыртында орналасқан, канализация жүргізілмеген. Ошақты жою үшін қандай шаралар жүргізу керек:

- A) Барлық балаларды дегельминтизациялау**
- B) Аскаридозбен анықталған балаларды дегельминтизациялау
- C) Топта дезинсекциялық шаралар жүргізу
- D) Қатынаста болғандарды вакцинациялау
- E) Қатынаста болғандарға жедел профилактика жүргізу

17. Бала бақшаның балаларын гельминтоздарға тексерген кезде 40% балада энтеробиоз анықталды. Ошақта эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастырыңыз және жүргізіңіз:

- A) Аскаридозбен анықталған балаларды дегельминтизациялау
- B) Инвазирленген адамдарды жұкпалы аурулар ауруханасына жатқызу
- C) Топта дезинсекциялық шаралар жүргізу
- D) Қатынаста болғандарды вакцинациялау

E) Барлық балаларды және МДБМ қызметкерлерін дегельминтизациялау

18. Тениаринхозбен инвазирленген науқастарды анықтаудың зертханалық диагностикасында қандай әдіс қолданады:

- A) Комбинирленген сұрастыру әдісі және қырынды алу**
- B) Өтті зерттеу
- C) Колоноскопия
- D) Зәрдің жалпы талдауы
- E) Қанның биохимиялық талдауы

19. Тениозбен күресу бойынша қандай алдын алу шаралары жүргізіледі:

- A) Тениозбен ауырған науқастарды анықтау және есепке алу
- B) Анықталған науқастарға дегельминтизация жүргізу
- C) Иммунопрофилактика
- D) Дезинсекция

E) Етке ветеринарлық-санитарлық сараптама жасау

20. Дифиллоботриоз ошағында қандай эпидемияға қарсы шара жүргізіледі:

A) Анықталған науқастарды дегельминтизациялау

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 14 беті

- В) Санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу
 С) Қатынаста болғандарды вакцинациялау
 D) Су тоғандарын адамның нәжістерімен, балық қоректі жануарлармен ластануынан қорғау
 E) Шикі, аз тұздалған балықтарды термиялық өңдеу
21. Безгектің серологиялық әдісі диагностикасы қолданылады:
 A. Безгекпен науқастарға
 B. Безгек науқасымен жанасқан адамдарға
C. Қан донорларына
 D. Медицина қызметкерлеріне
 E. Эндемиялық аудандардан келгендердің бәріне
22. Науқас Д., 2 жыл бойы безгек бойынша қолайсыз Африка елдерінде жұмыс жасаған. Онымен бірге жұбайы және 5 жасар баласы бірге болған. Осы жағдайда жүргізілетін қажетті шараларды атаңыз:
A) қанды микроскопиялық зерттеу («жуан тамшы» және «жіңішке жағынды»)
 B) хлорксилмен профилактикалық емдеу
 C) дезинсекциялық шаралар
 D) серологиялық зерттеу
 E) госпитализациялау
23. Қызу, қалтырау, тершеңдік симптомдарымен емханаға азамат С. қаралды. Сұрастыру барысында ол 2 жыл бойы безгек бойынша қолайсыз Африка елдерінде жұмыс жасаған. 1 ай бұрын оралған. Қоздырғыш көзіне қатысты шараларды атаңыз:
A) госпитализациялау
 B) дезинфекция
 C) шұғыл алдын алу
 D) вакцинамен алдын-алу
 E) үй жағдайында оқшаулау
24. Науқас М., 26 жаста, Танзаниядан 6-апталық саяхаттан оралды. Оралғаннан кейін 2 аптадан сон телефон арқылы үйіне дәрігер шақырмақ болды. Қызба, іш және бас ауруына шағымданды. Науқас сөзінен оны масалар шаққан. Дәрігер-эпидемиолог безгекке күдіктенгенде қандай эпидемияға қарсы шаралар бірінші жүргізу тиіс?
 A) науқасты стационарға госпитализациялау және оқшаулау
B) эпидемиялық ошақты тексеру
 C) шұғыл хабарлама толтыру
 D) ағымдағы дезинфекция жүргізу
 E) қортынды дезинфекция жүргізу
25. Безгекпен ауырған адамның плазмидияларымен инвазирленген қанында

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 15 беті

айналатын қоздырғыштары:

- A) Жас трофозонттар
- B) Дамыған гаметоциттер**
- C) Шизонттар
- D) Мерозонттар
- E) Спорозонттар

26. Емханаға М., деген науқас жедел респираторлы аурудың симптомдарымен келді. Сұрастырған кезде анықталды, науқас 2 жыл бойы безгек бойынша қолайсыз мемлекетте жұмыс істеген. Бір ай бұрын қайтып оралған. Инфекция көзіне байланысты шараны көрсетіңіз:

- A) Үйде стационар құру
- B) Госпитализациялау**
- C) Дезинфекция
- D) Дератизация
- E) Жедел профилактика

27. Азамат Д., 2 жыл бойы безгек бойынша қолайсыз Африка мемлекетінде жұмыс істеген. Онымен бірге әйелі және 5 жасар баласы бірге барған. Осы оқиға бойынша қандай шара жүргізу қажет:

- A) Қанды микроскопиялық зерттеу**
- B) Примахинмен профилактикалық емдеу
- C) Дезинсекциялық шаралар
- D) Серологиялық зерттеу
- E) Госпитализациялау

28. Азамат Д., 2 жыл ішінде безгек бойынша қолайсыз африкалық елдердің бірінде жұмыс істеді. Онымен бірге әйелі мен 5 жасар баласы барған. Бұл жағдайда жүргізілетін іс-шараларды атаңыз:

- A) қанды микроскопиялық зерттеу**
- B) примахин алдын-алу емі
- C) дезинсекциялық іс-шара
- D) серологиялық зерттеу
- E) ауруханаға жатқызу

29. Педикулез кезіндегі қолданылатын препараттар

- A) пиретрум ұнтағы**
- B) лорамин ұнтағы
- C) хлорофос
- D) лизол
- E) оксалинді жақпамайлар (мазь)

30. Мектеп-интернатта профилактикалық тексеру кезінде 3 оқушыдан бит табылды. Үшеуі бір сыныпта оқиды, түрлі бөлмелерде тұрады. Интернатта

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2024 16 беттің 16 беті

педикулезге тексеру жүргізілген жоқ. Педикулезге профилактикалық тексеруді тіркеу журналы жоқ. Осы жағдайда қажетті іс-шаралар:

- A) санитарлық-эпидемиологиялық режимді күшейту
- B) дезинфекция
- C) дезинсекция
- D) жеке гигиена сақталуын бақылау
- E) дератизация